

УДК 347.73

DOI 10.58649/1694-8033-2024-4(120)-162-172

АЙТКАЗИН Е.М., НУРЕКЕШОВ Т.К., ИБРАГИМОВА Ф.Г.
«Alikhan Bokeikhan University» бiлiм беруу мекемесi, КАЗАХСТАН
АЙТКАЗИН Е.М., НУРЕКЕШОВ Т.К., ИБРАГИМОВА Ф.Г.
Учреждение образования «Alikhan Bokeikhan University», Казахстан
АУТКАЗИН Ү.М., NUREKESHOV T.K., IBRAGIMOVA F.G.
Educational institution «Alikhan Bokeikhan University», Kazakhstan
АЙТКАЗИН Е.М., НУРЕКЕШОВ Т.К., ИБРАГИМОВА Ф.Г.
«Alikhan Bokeikhan University» бiлiм беру мекемесi, Қазақстан

ТУРУКТУУ МАМЛЕКЕТТИК САТЫП АЛУУЛАР: КАЗАКСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЫЙЗАМДЫК КАМСЫЗДОО МАСЕЛЕЛЕРИ

УСТОЙЧИВЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ЗАКУПКИ: ВОПРОСЫ ЗАКОНОДАТЕЛЬНОГО
ОБЕСПЕЧЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

SUSTAINABLE PUBLIC PROCUREMENT: ISSUES OF LEGISLATIVE SUPPORT
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ТҰРАҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАР: ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЗАҢНАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ СҰРАҚТАРЫ

Қысқача мүнөздөмө: Мақалада экономикалық, экологиялық жана социалдық аспектилерди же "туруктуу мамлекеттик сатып алуулардын" өлкөдөгү иштешин эске алуу менен мамлекеттик муктаждыктарды сатып алуунун укуктук негиздерине сереп берилет. "Туруктуу мамлекеттик сатып алуулар" - бул жаңы тренд гана эмес, мамлекет өтө муктаж болгон бышып жетилген зарылчылык. Бул механизмдин жана аны укуктук жөнгө салуунун колдонуудагы мыйзамдарда өзүнүн аныктамасы жок, ушуга байланыштуу беренедө аны ишке киргизүү, анын ичинде туруктуу мамлекеттик сатып алуулардын принциптерин пайдалануу, алардын практикалык колдонулушун баалоо, ошондой эле жалпысынан туруктуу мамлекеттик сатып алуулардын концепциясын мыйзамдык жактан камсыз кылуу мүмкүнчүлүктөрүн изилдөө көз карашынан алганда маселелер көтөрүлөт. Авторлор тобу тарабынан колдонуудагы мыйзамдарга талдоо жүргүзүлдү жана жаңы мыйзамдын кабыл алынышын эске алуу менен өлкөдө бул институттардын өнүгүшүнө байланыштуу болжолдоолор жасалды. Аны толук кандуу ишке киргизүү үчүн зарыл болгон мыйзамдык камсыздоонун жолдору каралды. Чет өлкөлөрдүн ийгиликтүү тажрыйбасы жана практикасы каралат.

Аннотация: Мақалада экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алуды жүзеге асырудың немесе «тұрақты мемлекеттік сатып алудың» елімізде жұмыс істеуінің құқықтық негіздеріне шолу жасалынған. «Тұрақты мемлекеттік сатып алу» – бұл жаңа тренд қана емес, сонымен қатар біздің мемлекетіміз үшін аса қажеттілік болып табылады. Мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін еліміздің заңнамасына тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидаттарын пайдалану тұрғысынан шолу жасау арқылы оның іс жүзінде қолданылуына баға беру, сонымен қатар жалпы тұрақты мемлекеттік сатып алу концепциясын заңнамалық қамтамасыз ету мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында мақала авторлар тобымен қолданыстағы заңнамаға талдау жүргізілген және қабылданған жаңа заң жобасын ескере отырып аталған институттардың елімізде дамуына байланысты болжамдар жасалынған. Оның толыққанды іске қосылуы үшін қажет заңнамалық қамтамасыз ету жолдары талқыланып, Шет елдердегі сәтті тәжірибелер қарастырылады.

Аннотация: В статье представлен обзор правовых основ осуществления закупок для государственных нужд с учетом экономических, экологических и социальных аспектов или функционирования в стране «устойчивых государственных закупок». «Устойчивые государственные закупки» – это не только новый тренд но и назревшая необходимость, в которой государство остро нуждается. Данный механизм и его правовое регулирование не имеет в действующем законодательстве своего определения, в связи с чем в статье поднимаются вопросы его внедрения, в том числе с точки зрения использования принципов устойчивых государственных закупок, оценки их практического применения, а также изучения возможностей законодательного обеспечения концепции устойчивых государственных закупок в целом. Группой авторов проведен анализ действующего законодательства и сделаны прогнозы, связанные с развитием данных институтов в стране с учетом принятия нового закона. Рассмотрены пути законодательного обеспечения, необходимые для его полноценного запуска. Рассматривается успешный опыт и практика зарубежных стран.

Abstract: The article provides an overview of the legal basis for procurement for public needs or the functioning of «sustainable public procurement» in the country, taking into account economic, environmental and social aspects. «Sustainable public procurement» is not only a new trend, but also an urgent need for our state. In order to review the country's legislation regulating the sphere of public procurement from the point of view of the use of the principles of permanent public procurement, to assess its practical application, as well as to study the possibilities of legislative support of the concept of permanent public procurement in general, the group of authors of the article have analysed the current legislation and made forecasts related to the development of these institutions in the country, taking into account the adopted new draft law. The ways of legislative support necessary for its full-fledged launch are discussed. The successful practices of foreign countries have been thoroughly assessed and evaluated. Considering that sustainable public procurement is an important means of ensuring environmental security, solving economic and social problems, the authors of the article conclude that its widespread use in the country is an important necessity. However, for this, in the opinion of the authors, it is necessary to approve the specific legislation of the requirements and conditions necessary to take these aspects into account when conducting public procurement. It is of utmost importance that the regulations and other documents adopted within the framework of the draft law are sufficient for the practical application of these aspects of sustainable procurement.

Кыскача мүнөздөмө: туруктуу мамлекеттик сатып алуулар; мамлекеттик сатып алуулар; жашыл экономика; экология; экономикалык аспект; социалдык аспект.

Түйін сөздөр: тұрақты мемлекеттік сатып алулар; мемлекеттік сатып алулар; жасыл экономика; экология; экономикалық аспекти; әлеуметтік аспекти.

Ключевые слова: устойчивые государственные закупки; государственные закупки; зеленая экономика; экология; экономический аспект; социальный аспект.

Keywords: sustainable public procurement; public procurement; green economy; ecology; economic aspect; social aspect.

Кіріспе. Әлемде көптеген мемлекеттер өз заңнамаларына тұрақты мемлекеттік сатып алудың қағидаттарын енгізген, орталық билікпен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдары да соған сәйкес шаралар қабылдауда. Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымы және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы секілді халықаралық басқару ұйымдары да бұл бағытты дамытуда үлкен үлес қосуда.

Қазақстанда тұрақты мемлекеттік сатып алулар бастапқы деңгейде және заңнама тұрақтылықтың жекелеген қағидаттарын ғана камтиды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін ең маңыздысы сатып алудың экономикалық аспектісі болып отыр. Мемлекеттік органдар бүкіл сатып алу цикліндегі барлық факторларды

нашар ескереді. Тәжірибеде өлшемшарттарды анықтау кезінде мемлекеттік сатып алушылар тұрақты мемлекеттік сатып алудың аспектілерін қарастырмайды.

Елімізде мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін заңнама өзгерді, ағымдағы жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылданды. Оның қолданысқа енуі 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап көзделген [1]. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялардың сатып алуларына тұрақты мемлекеттік сатып алудың қағидаттарын ескере отырып сатып алуды көздейтін жаңа талаптарды енгізу жоспарлануда. Сондықтан да, бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, тиісті заңнаманы жетілдіру жалғасын табады деп болжаймыз. Зерттеу тақырыбының өзектілігі де осы сатып алу түрін реттейтін заңнаманы жетілдіру әрекеттерінің жалғасуында болып отыр. Жалпы, мемлекеттік сатып алу қызметінің соңғы жылдары қарқынды реформалануы осы бағытты зерттеуге деген ғылыми қызығушылықты арттыруда [2; 3; 4].

Мемлекеттік сатып алу саласындағы «бағытты өзгертуге» арналған заңның игі ниетіне қарамастан, заңнамалық өзгерістердің іс жүзінде қалай жүзеге асатыны туралы бірнеше мәселелер түсініксіз қалып отыр. Бірнеше факторлар тұрақты сатып алудың қозғаушы күші ретінде анықталса, тәжірибеде ұйымдастырушылық жағы тұрақты мемлекеттік сатып алу жолында ерекше тосқауыл секілді көрінеді. Осылайша, тұрақты мемлекеттік сатып алуды тәжірибеде іске асыру сұрақтары туралы білім әлі де жеткіліксіз деп санаймыз.

Ғылыми мақалада қойылып отырған мақсат – мемлекеттік сатып алу саласын реттейтін еліміздің заңнамасына тұрақты мемлекеттік сатып алу қағидаттарын пайдалану тұрғысынан шолу жасау арқылы оның іс жүзінде қолданылуына баға беру, сонымен қатар жалпы тұрақты мемлекеттік сатып алу концепциясын заңнамалық қамтамасыз ету мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу қызметін реттейтін заңнамалық база, «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң, шет елдердегі тұрақты мемлекеттік сатып алудың заңнамалық негіздері, ұлттық заңнамалар, зерттеулер мен статистикалық мәліметтер пайдаланылды.

Зерттеу барысында статистикалық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерінің аналитикалық әдісі қолданылды. Теориялық зерттеулерден басқа, мақалада модельдеу, салыстыру және болжау әдістерін қолдану арқылы зерттелген объектіні тәжірибеде жүзеге асырудың болжамдары жасалынды.

Талқылау. Мемлекеттік сатып алу жүйесі – мемлекеттік секторда стратегиялық басқару мен қызмет көрсетудің негізгі, іргелі құрамдас бөлігі. Мемлекеттік сатып алудың мұқият ойластырылған жүйесі қоршаған ортаны қорғау, инновацияны қолдау, жаңа жұмыс орындарын құру, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту секілді өзекті бағыттарды іске асыру жөніндегі қызметке үлес қоса алады.

Бүгінгі күнде мемлекеттер үшін тұрақты даму стратегиясын іске асыру тетіктерінің бірі мемлекеттік сатып алу болып отыр. Нарықтағы ең ірі сатып алушы және саяси ерік-жігер мен билік өкілеттіктеріне ие бола отырып, мемлекет мемлекеттік сатып алу арқылы өндірушілер мен тұтынушыларға әсер ете алады, тұрақты өндіріс пен тұтынудың қалыптасуына ықпалын тигізеді. Экономикалық және әлеуметтік дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі бірқатар елдер экологиялық таза өнім өндіру, ресурстарды қайта пайдалануды ынталандыру, шағын бизнесті қолдау, әлеуметтік теңсіздік мәселелерін шешу, жаңа жұмыс орындарын құру және әділ сауданы ынталандыру үшін тұрақты сатып алуды тәжірибеде қолданады. Осылайша, мемлекеттік сатып алу мемлекеттің тұрақты дамуына ықпал етеді [5].

Тәжірибеде тұрақты мемлекеттік сатып алуды енгізу экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып сатып алу арқылы жүзеге асады. Бұл аспектілерді нақтылайтын болсақ:

1) Экономикалық аспектілер:

- бюджет қаражатын үнемдеу талабы;
- өнімге нақты қажеттілікті негіздеу;
- инновацияларды дамыту;
- өнімнің өмірлік циклінің құнын есепке алу.

2) Экологиялық аспектілер:

- пайдаланылатын энергияға қойылатын талаптар (жаңартылатын энергияны пайдалану, энергия тиімділігіне қойылатын талаптар және т. б.);
- көмірқышқыл газы мен метан шығарындыларын шектеу;
- қалдықтарды қайта өңдеуге және көмуге қойылатын талаптар;
- суды пайдалануға қойылатын талаптар;
- қауіпті заттарды қолдануға қойылатын талаптар;
- қолданылатын материалдарға қойылатын талаптар;
- жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;
- биоәртүрлілікті сақтау;
- суға қалдықтар тастауды шектеу;
- ауа шығарындыларына қойылатын талаптар.

3) Әлеуметтік аспектілер:

- жұмыспен қамту;
- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- денсаулыққа қамқорлық (сапалы өнімдерге қол жеткізуді қамтамасыз ету, денсаулықты сақтау үшін жағдай жасау және т. б.);
- жергілікті өндірісті қолдау;
- жергілікті әлеуметтік қауымдастықтарды қолдау.

Мемлекеттік сатып алудың мәселелерін зерттеуші ғалымдардың көпшілігі мемлекеттік сатып алудың отандық экономиканың дамуы мен мемлекеттік экономикалық саясатты жүзеге асырудағы маңызды рөліне назар аударады [6]. А.А. Романов Қазақстанның қоғамдық өміріндегі мемлекеттік сатып алудың маңызды рөлін атап көрсетеді [7].

Қолданыстағы заңнамаға келетін болсақ, бүгінгі күні елімізде тұрақты мемлекеттік сатып алудың анық концепциясы жоқ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда немесе саланы реттейтін өзге нормативті актілерде болсын «тұрақты сатып алу» деген заңды түсінік анықталмаған.

Алайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4 бабында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарының бірі ретінде инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаты бекітілген [8]. Бұдан басқа, ұйымдастырушылар үшін конкурстарды өткізу кезінде неғұрлым сапалы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті ұсынатын қатысушыны айқындау кезінде әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің болуын және 2020 жылдың 30 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңына сәйкес өнімнің экологиялық тазалық стандартына сәйкестігін растауын қоса алғанда, конкурстық ұсынысқа әсер ететін өлшемшарттарды сақтау міндеті белгіленген [9]. Бүгінгі күнге осы талаптар арқылы нақты мемлекеттік сатып алулар бағытындағы еліміздің саясатын жүзеге асыру мен мемлекет экономикасының инновациялық дамуын қолдау көзделген.

Сондай ақ, экономикалық аспекті элементтерінің бірі болып табылатын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алынатын тауарлардың өмірлік циклі құнын ескеру тәртібі де қолданыстағы заңда қарастырылған. Мәселен, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 31-3-бабының 1-ші тармағында сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің уәкілетті орган бекіткен тізбесі

бойынша жүзеге асырылатындығы бекітілген [8]. Осыған сәйкес «Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қарашада бұйрығы шығып, онда тауарлар тізбегі бекітілген болатын [10].

Алайда, аталған бұйрықта бекітілген тізімдегі тауарлардың саны тым аз.

Қалай болғанда да, жоғарыда көрсетілген талаптар іс жүзінде сақталғанның өзінде ол тұрақты мемлекеттік сатып алу аспектілеріне сай тауарлар мен қызмет түрлерін сатып алуды ынталандырып жатыр деп айту қиын. Мемлекеттік сатып алулар кезінде мұндай тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түрлеріне артықшылықтар беріле бермейді, сатып алушы төмен бағаны таңдау міндетімен жүктелген жағдайда ондай таңдау жасау мүмкіндігі шектеулі.

Жағдайдың өзгеруіне «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңның [1] қолданысқа енуі күрделі әсер етуі мүмкін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2023 жылдың қыркүйегіндегі кезекті жолдауында мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалынатындығын атап өткен болатын. Мемлекет басшысының сөзінше ендігі кезекте бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы да басты назарда болады. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алулар бірыңғай платформаға көшетін болады. Осының бәрін жүзеге асыру үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң қабылдануы қажет болды [11].

Президент тапсырмасын орындау мақсатында жаңа заң жобасы әзірленіп, Парламенттің қызу талқылауынан өтті [12]. Қабылданып жатқан заң жалпылама негізде, яғни мемлекеттік сатып алу саласының жалпы принциптерін ғана бекітеді. Онымен қоса әр бағытты реттеу үшін жеке ережелер әзірлеу қажет болады.

Заң жобасының мақсаты мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру болып табылады. Басымдықта сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың сатып алуларын бірыңғай платформаға ауыстыру айқындалған. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың осы ақпараттық жүйелерін кеңінен пайдалану жолымен бағалық емес өлшемшарттарды дамыту ұсынылады.

Сатып алуға қатысушылардың біліктілігін арттыру үшін тиісті рейтингке енгізілген әлеуетті өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру ұсынылады. Рейтингтер қаржылық есептілік, несие тарихы, сенімділік, бедел, сот тарихы және тағы басқа әртүрлі деректерді пайдалана отырып қалыптасатын болады. Бұл сатып алудың барлық түрлері бойынша баға мен сапа өлшемшарттарын біріктіре отырып, жеткізушілерді автоматты түрде таңдауға көшуге мүмкіндік беруі тиіс.

Сатып алу сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі тапсырыс беруші тарапынан шарттың орындалуын тиісті бақылау болып табылады. Осыған байланысты, әсіресе құрылысқа байланысты жұмыстар бойынша жұмыстарды орындау кестелерін, фото және видео түрінде де болуы мүмкін шарттардың орындалуы бойынша есептерді жалпы қолжетімділікте орналастыру, сондай-ақ қоғамдық кеңестерді тарту секілді қоғамдық бақылау құралдарын пайдалануды енгізу ұсынылады.

Республикалық деңгейде мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының ролін қайта қарау және орталық мемлекеттік органдарға мемлекеттік орган деңгейінде орталықтандырылған сатып алуды дербес жүзеге асыру ұсынылады. Бұл тәсіл, жоба авторларының пікірінше сатып алуды жедел тәртіппен жүргізуге мүмкіндік беріп, бюджет қаражатын уақтылы игеруге ықпал етуі тиіс.

Сондай-ақ, біздің пікірімізше жаңа заң жобасына енгізіліп отырған ең маңызды жаңашылдықтардың бірі ол – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді

ескере отырып тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға негізделген «Тұрақты мемлекеттік сатып алу» ұғымын енгізудің көзделгендігі. Мұндай өзгерістердің қажеттілігі елімізде соңғы жылдары жиі талқылана бастаған болатын [13].

Мамандардың пікірінше «тұрақты даму» элементтерін мемлекеттік сатып алудың жаңа жүйесіне енгізу экономикаға мультипликативтік әсер жасайды, отандық тауар өндірушілерді қолдауға ықпал етеді, сондай-ақ маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге көмегін тигізеді. Себебі, елімізде бюджет қаражатының едәуір бөлігі жыл сайын нақты осы мемлекеттік сатып алуға жұмсалады және бұл аз қаражат емес. Республикадағы мемлекеттік сатып алулар орта есеппен жалпы ішкі өнімнің 13%-нан 20%-на дейін құрайды, мамандардың пікірінше бұл ел экономикасымен қатар экологиялық және әлеуметтік жағдайдың жақсаруына да елеулі үлес қоса алады [14].

Сонымен қатар, аталған заңнамалық жаңашылдықтар Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасында көзделген мақсаттарға қол жеткізуге көмегін тигізуі тиіс [15]. Мамандардың пікірінше «жасыл экономикаға» көшу ісінде шешуші фактор – мемлекеттік кешенді экологиялық саясат. Бұл ретте «жасыл экономиканы» дамыту жөніндегі реттелген және нәтижелі өзара іс-қимылдардың негізгі шарты жаңартылатын энергия көздерінен өндіруді мемлекеттік қолдау, қоршаған ортаның ластануын азайту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік инфрақұрылымы салаларында энергия тиімділігін арттыру үшін өнеркәсіптік өндірістерді жаңғыртуды қамтамасыз ететін рәсімдерді сапалы нормативтік регламенттеу болып табылады [16].

Тағы бір ескеретін жағдай, тұрақты мемлекеттік сатып алуды сәтті енгізу еліміздегі экологиялық таңбалау жүйесіне де тікелей байланысты болуы. Тұрақты мемлекеттік сатып алу аспектілерін қолдану кезінде мемлекеттік сатып алуға қажет тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің экологиялық қауіпсіздігін анықтау қажеттілігі артады. Өзекті мәселе осы экологиялық таңбалау төңірегінде болып отыр, оны заңнамалық тану және ынталандыру одан да күрделі тапсырмаға айналғандай еліміз үшін. Экологиялық таңбалаудың болуы мемлекеттік сатып алудың осы бағыттағы реформалау үшін сөзсіз қажет элемент деп санаймыз. Алайда, еліміздегі экологиялық таңбалауда мәселелер тым көп және ондай таңбасы бар тауарлардың барлығын «жасыл» өнімнің қатарына жатқызу қиын болып отыр [17].

2015 жылы «Органикалық өнім өндіру туралы» заң [18] қабылданғанына қарамастан, Қазақстанда белгілі бір тауарларға «эко» немесе «органикалық» белгісін берудегі жағдай түсініксіз. Мәселен, Үкімет те, өндірушілер де, онымен қоса сатып алушылар да осы таңбалаудың нақты тұжырымдамаларын, олардың айырмашылықтарын ажырата алмауда, сондықтан қандай өнімдер органикалық деп танылуы тиіс, қандайы экологиялық таза белгісін тағу құқығына лайықты екендігіне байланысты әлі де нақты түсінік жоқ.

Әлемдік тәжірибеге шолу. Тұрақты мемлекеттік сатып алуды енгізудегі бастама мен негізгі әдістемелік көмек тұрақты мемлекеттік сатып алудың халықаралық және ұлттық бағдарламаларына тиесілі, олар тұрақты сатып алуды енгізудің стратегиясын, тетіктері мен әдістерін әзірледі, мемлекеттерде тұрақты мемлекеттік сатып алудың құқықтық негіздерін құруда және оларды енгізу процесінде көмек көрсетуде.

UNEP мәліметтері бойынша, 2012 жылдың өзінде әлемнің 56 елінде тұрақты мемлекеттік сатып алу бойынша қандай да бір түрде қабылданған ұлттық бағдарламалары болған [19]. Тұрақты мемлекеттік сатып алуды дамытуға ең үлкен үлес Еуропалық Одақ мемлекеттері қосқан, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия және Жапония елдерін қоса алғанда, ЕЭЫДҰ – ға мүше елдерде де тұрақты мемлекеттік сатып алуды енгізудің сәтті тәжірибелері бар. БРИКС елдері арасында құқықтық реттеу пайда болып, Қытайда, Бразилияда, Үндістанда тұрақты мемлекеттік сатып алуды енгізу басталды. Аталғандармен қатар тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолданудың табысты тәжірибесі Уганда, Чили, Мексика, Аргентина, Мароккода да бар. 2014 жылы UNEP қолдауымен

Беларусь, Украина және Молдова тұрақты мемлекеттік сатып алуды енгізу бағдарламаларын іске қосудың алғашқы қадамдарын жасады [5].

Тұрақты мемлекеттік сатып алудың алғашқы халықаралық бағдарламаларының бірі Швейцария үкіметінің қолдауымен жеке бастама ретінде құрылған тұрақты сатып алу жөніндегі Марракеш жұмыс тобы болды. Марракеш тобының мақсаты дамыған және дамушы елдерде тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолдану әлеуетін арттыру және әдістемелік құралдарды әзірлеу арқылы тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолдануға жәрдемдесу болды. 10 жыл ішінде бұл бағдарлама UNEP саясатының негізін құрайтын тұрақты өндіріс, тұтыну және сатып алу бойынша құқықтық әдістемелік құралдарын жасады. Бұл жұмыс тобының мүшелері Ұлыбритания, Қытай, Бразилия, Аргентина және Норвегия мемлекеттері [20].

Тағы бір халықаралық бағдарлама – Халықаралық жасыл сатып алу желісі (IGPN). Бұл «жасыл» сатып алуды жүзеге асыратын мемлекеттік және жеке ұйымдардың халықаралық желісі. Токиода орналасқан бұл ұйымның мақсаты тұрақты сатып алу саласында жұмыс істейтін ұйымдардың, билік органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың тәжірибе алмасуы мен ынтымақтастығы үшін платформа ұсыну болып табылады. IGPN қызметінің негізгі бағыттары - ғылыми зерттеулер, кеңестер, оқыту және тұрақты мемлекеттік сатып алуды енгізу бойынша нұсқаулықтар әзірлеу. Бұл желіге Жапония, Үндістан, Қытай, Малайзия, Тайланд, Корея, Вьетнам, Жаңа Зеландия, Гонконг, Сингапур, Тайвань, Индонезия және Филиппин мемлекеттері кіреді. 475 ұлттық және аймақтық мемлекеттік қатысушылары бар тұрақты мемлекеттік сатып алудың тағы екі маңызды бағдарламалары – «Buy it Green» және «Procure+» Еуропалық тұрақты сатып алу желілері. Бұл бағдарламалардың да мақсаттары Еуропа және оған көршілес елдердің мемлекеттік сатып алушыларына тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолдануға көмектесу.

Қазіргі уақытта Еуропалық Одақ мемлекеттік сатып алу саласында мол тәжірибесі бар және құқықтық реттеуді жетілдіру жолында одақ бірнеше кезеңдерден өткен. Бірінші кезең - 1960 жылдардың екінші жартысы – 1988 жыл; екінші кезең – 1988-1992 жылдар; үшінші кезең 1992-2004 жылдар; төртінші кезең – 2004-2014 жылдар; бесінші кезең – 2014 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі аралық. Әрбір кезеңнің басталуы Еуропалық Одақтың мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған реформаларды бастауымен байланысты. Құрылтай шарттарының нормаларында әлі күнге дейін мемлекеттік сатып алу саласындағы қатынастарды реттейтін ережелер жоқ, сондықтан директивалар осы саладағы құқықтың негізгі көзі болып қала беруде. Мемлекеттік сатып алуды реттеу жүйесін жетілдіру ішкі нарықты құру шеңберінде жүзеге асырылды. Осылайша, мемлекеттік сатып алу саласындағы ұлттық құқықтарды үйлестіру Еуропалық Одақта экономикалық ортақ интеграция мен ішкі нарықты құруға қол жеткізу құралы ретінде де қарастырылды. Қазіргі уақытта Еуропалық Одақта осы саланың барлық негізгі аспектілерін қамтитын мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің бірыңғай, ұлттық заңнамадалардан жоғары жүйесі қалыптасқан [21].

Еуропалық комиссия өзінің стратегиясында бүкіл Еуропалық Одақ үшін тұрақты мемлекеттік сатып алудың маңыздылығы мен рөлін ерекше атаған. Қолданыстағы 2014/24/ЕО Сатып алу Директивасында осындай бағытқа баса назар аударылған [22]. Директивада баға мен сапа сәйкестігін сақтай отырып мемлекеттік тапсырыс берушілердің қоршаған ортаны қорғауға және тұрақты дамуға үлес қоса алатындығы түсіндіріледі. Мемлекеттік сатып алудың ағымдағы стратегиясы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін мемлекеттік сатып алуды неғұрлым көбірек пайдалануға бағыттайды [23].

Осылайша, тұрақты дамуға және қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесу талабы Еуропалық Одақ шарттарында бекітілген. Софелл мен Висброк атап өткендей, басты идея экономикалық тиімділікті экологиялық немесе әлеуметтік мақсаттармен теңестіру немесе араларында таңдау жасау емес, керісінше, осы әртүрлі мақсаттар қатар өмір сүре алатын шараларды әзірлеу болуы керек [24]. Алайда, қарама-қайшы мақсаттар арасындағы тепе-

теңдікті сақтау әрдайым оңай бола бермейді. Екінші жағынан, Кингстон Еуропалық Одақтың қазіргі саясатында экономикалық аспектілер экологиялық мақсаттардан басым болу белгілері бар деп санайды [25].

Еуропалық Одақтың тұрақты мемлекеттік сатып алуларын жүзеге асырудың нәтижелері Одақтың жан-жақты стратегиясы мен жалпы құрылым шеңберінде озық тәжірибелермен алмасуы маңызды және қажет шара екені дәлелденді. Мүше мемлекеттер мемлекеттік сатып алуды реттеудің әртүрлі кезеңдеріндегі ұлттық заңдардағы айырмашылықтарды жоюға тырысып келеді. Бұл, әсіресе, тұрақты мемлекеттік сатып алудың процедуралары мен өлшемшарттарын анықтау кезінде анық байқалады [26].

Түйіндей айтқанда, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттерде тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолдануға қажет заңнамалық база жеткілікті деңгейде қалыптасып үлгерген. Экологиялық тазалық стандартына сәйкестігін растауын қоса алғанда, конкурстық ұсынысқа әсер ететін өлшемшарттарды бекітетін ережелер қабылданған және олар әрдайым жетілдіріліп отырады. Тұрақты мемлекеттік сатып алудың үш аспектісін де мемлекеттер қолдануға тырысады. Бүгінгі күнге экологиялық аспектілер өзекті болып көрінгенімен мемлекеттерде экономикалық және әлеуметтік аспектілерді қолдануға бағыттайтын нормалар жеткілікті. Соның нәтижесінде, одаққа мүше мемлекеттер мемлекеттік сатып алу арқылы қаражатты үнемдеуге, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға, қалдықтарды қайта өңдеу мен ресурстарды үнемді пайдалануға және жалпы қоршаған ортаға зиянды азайтуға қол жеткізе алған. Аталған көрсеткіштер бойынша бұл елдер әлемде алдыңғы қатарда.

Нәтижелер. Қазақстандағы тұрақты мемлекеттік сатып алулар бастапқы деңгейде және заңнама тұрақтылықтың жекелеген қағидаттарын ғана қамтиды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін ең маңыздысы сатып алудың экономикалық аспектісі болып отыр. Мемлекеттік органдар бүкіл сатып алу цикліндегі барлық факторларды нашар ескереді. Тәжірибеде өлшемшарттарды анықтау кезінде мемлекеттік сатып алушылар тұрақты мемлекеттік сатып алудың аспектілерін қарастырмайды.

Қазақстан заңнамасында «тұрақты сатып алу» деген заңды түсінік жоқ, заң экологиялық өнімді сатып алуды ынталандырмайды. Ал мемлекеттік органдарда да, квазимемлекеттік компанияларда да өздерінің тұрақты сатып алу стратегиялары жоқ.

Заңнамадағы өзгерістер тек мемлекеттік сатып алу бөлігінде ғана емес, сонымен қатар экологиялық таңбалауды, стандарттау және бақылау жүйесін дамыту бөлігінде де талап етіледі.

Шетелдік заңнамаға шолу көрсеткендей халықаралық және ұлттық деңгейдегі нормативті актілердегі «тұрақты мемлекеттік сатып алу» талаптары мемлекеттік секторға қоршаған орта мен әлеуметтік субъектілердің жағдайын ескеретін өнімдер мен қызметтерді сатып алуға бағыттайды, бұл тұрақты өнімдер мен қызметтердің жаһандық өндірісін ынталандыруға көмектесуде. Соңғы 20 жылда көптеген мемлекеттер өз заңнамаларына «тұрақты мемлекеттік сатып алудың» қағидаттарын енгізген, орталық билікпен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдары да соған сәйкес шаралар қабылдауда. Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымы және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы секілді халықаралық басқару ұйымдары да бұл бағытты дамытуда үлкен үлес қосуда [27].

Тұрақты мемлекеттік сатып алуды заңнамалық қамтамасыз етудің үздік тәжірибесі Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттерге тиесілі. Өзінің стратегиялық құжаттарында одақ тұрақты мемлекеттік сатып алудың маңызды рөлін мойындайды. Қолданыстағы 2014/24/ЕО Сатып алу Директивасында осындай бағытқа баса назар аударылған. Мемлекеттерде тұрақты мемлекеттік сатып алуды қолдануға қажет заңнамалық база жеткілікті деңгейде қалыптасып үлгерген. Экологиялық тазалық стандартына сәйкестігін растауын қоса алғанда, конкурстық ұсынысқа әсер ететін өлшемшарттарды бекітетін ережелер қабылданған және олар әрдайым жетілдіріліп отырады. Мемлекеттер тұрақты мемлекеттік сатып алудың үш аспектісін де қолдануға тырысады.

Қорытынды. Қолданыстағы заңнаманы талдау нәтижесі көрсеткендей елімізде заңды түрде тұрақты мемлекеттік сатып алуды енгізу мен іске асырудың кешенді тәсілі іске асырылмаған және заңнама тұрақты мемлекеттік сатып алудың жекелеген құрамдас бөліктерін ғана қамтиды. Бұл экономикалық бағыттағы құралдардың кең ауқымы (бәсекелестік, таңдаудың әділдігі, отандық өндірушілерді қолдау, процестердің ашықтығы және т.б.) және жекелеген әлеуметтік мәселелерді қамту (әлеуметтік маңызы бар жеткізушілерді қолдау).

Тәжірибе көрсеткендей тұрақты мемлекеттік сатып алу элементтерін енгізу экономикалықпен қатар экологиялық және әлеуметтік аспектілерді ескере отырып сатып алуды жүзеге асыру арқылы жүзеге асады. Ол экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешудің маңызды құралы болып табылатынын атап өткіміз келеді. Алайда, ол үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тұрақты сатып алу талаптары мен шарттарының нақты құқықтық тәртібі бекітілуі қажет. Қабылданған жаңа заң мен жалпы енгізілуі тиіс өзгерістер, заңнаманы жетілдіруге байланысты шаралар елдегі тұрақты мемлекеттік сатып алуды енгізу жолында айтарлықтай үлкен қадам деп бағалаймыз. Бастысы және біздің пікірімізше ең маңыздысы – қабылданған негізгі заңның аясында қабылданатын ережелер мен нормативтердің аталған тұрақты сатып алу аспектілерін тәжірибеде қолдануға жеткілікті болуы.

Яғни, қолданыстағы құқықтық базаның күрделілігін және тұрақты өндіріс пен тұтынуға қол жеткізудің стратегиялық құралы ретінде мемлекеттік сатып алуға көзқарастың жаңалығын ескере отырып, мемлекеттік сатып алушылардың өз тәжірибелеріндегі тұрақтылық мәселелерін, сатып алу қызметіндегі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін есепке алуға байланысты міндеттемелерді түсіндіретін нақты және анық заңнамалық тәсіл қажет.

Осыған орай, саланы реттейтін заңнаманы жетілдіру үшін қажет келесідей шаралар ұсынамыз:

1) «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңда «тұрақты сатып алу» ұғымын енгізе отырып, «тұрақты сатып алу» қағидатын да бекіту қажет. Бұл сатып алуды ұйымдастырушыларға конкурстық құжаттамада жеткізілетін тауарларға, орындалатын жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қосымша «тұрақты сатып алу» талаптарын көрсетуге мүмкіндік береді.

2) Мемлекет табиғатты қорғау заңнамасын орындауды кез-келген стратегиялық, нормативтік-құқықтық және экономикалық қызметтің этикалық нормасы мен мәдениетіне айналдыруы тиіс. Бұл ретте қоғам экологиялық сараптама және қоршаған ортаға әсерді бағалау процесін талқылауға міндетті түрде тартылуы тиіс.

3) Тауарларға, орындалатын жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге «жасыл» экологиялық өлшемшарттар туралы ережелерді бекіту және ондай талаптарға сәйкес болғандағы артықшылықтарды нақтылау қажет, мысалы:

- осындай тауарларды, орындалатын жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді атқарушылар үшін шартты жеңілдіктер;

- жеңімпазды анықтаудағы басымдық;

- ұзақ мерзімді келісімшарт немесе офсеттік келісім жасасу.

4) экологиялық таңбалау және экологиялық стандарттар саласындағы заңнамалық және реттеуші базаны жетілдіру, сондай-ақ экологиялық таңбалау бойынша білім деңгейін арттыру қажет.

5) Тауардың Қазақстан Республикасының аумағында өндірілгендігін растайтын сертификаттың болуын конкурстық құжаттама ұсыну кезінде артықшылық ретінде белгілеу мүмкіндіктерін қарастыру қажет.

6) Заңда әлеуетті өнім берушілердің жекелеген санаттарын: қоғамдық бірлестіктер мен мүгедектер ұйымдарын мемлекеттік сатып алуға қатысуын бекіту. Заңнамамен осы ұйымдардан тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір тізбесін бірінші кезекте сатып алуды белгілеу қажет.

Түйіндей айтқанда, тұрақты мемлекеттік сатып алуды тиісті құқықтық база болған жағдайда ғана толық іске асыруға болады. Тұрақты мемлекеттік сатып алуды заңнамалық қамтамасыз етудің Еуропалық Одақ мемлекеттеріндегі үздік тәжірибесі көрсеткендей, осы бағытта заңнаманы қалыптастырудағы жүйелі шаралардың жиынтығын қабылдау ғана оң нәтижелерге әкеледі. Құқықтық реттеу тұрақты мемлекеттік сатып алу экологиялық және әлеуметтік саясаттың жекелеген мәселелерін реттеуден басталуы мүмкін болса, біртіндеп ол қалыпты құбылысқа айналып, тұрақты негізде іске асырыла бастайтын болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33291580&pos=3;-108#pos=3;-108
2. Ибрагимова Ф.Г., Айтқазин Е.М., Байжуманов Н.О. 2021 жылдың 15 қарашасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістердің іс жүзінде жүзеге асырылуының кейбір сұрақтары // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. – № 2(24), 2022, 75-83 б.
3. Ибрагимова Ф.Г., Айтқазин Е.М., Байжуманов Н.О. Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды іс жүзінде іске асырудың тиімділігінің сұрақтары // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы, №1(27), 2023, 18-25 б.
4. Ибрагимова Ф.Г., Айтқазин Е.М. Қазақстан Республикасындағы «Жасыл» мемлекеттік сатып алу институтының дамуын заңнамалық қамтамасыз етудің өзекті сұрақтары // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы, 2023, №3(29), 18-28 б.
5. Шадрин Е.В., Ромодина И.В. Государственные закупки для устойчивого развития: международный опыт // Вопросы государственного и муниципального управления, 2017, №1, с. 149-172.
6. Хамитов Ж.М., Джунусбекова Г.А. Современные проблемы осуществления государственных закупок в Казахстане // Central Asian Economic Review, 2021, № 5, с. 90-103.
7. Романов А.А. Актуальные проблемы борьбы с коррупцией в системе государственных закупок РК // Евразийский союз ученых, 2015, № 6-5(15), с. 31-35.
8. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 4 желтоқсандағы №434-V Заңы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>
9. «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 ж. 30 желтоқсандағы №396-VI Заңы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2000000396>
10. «Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өмірлік циклі құнының есептемесі пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қарашадағы № 1203 бұйрығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030855>
11. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
12. В Мажилесе презентовали законопроект о государственных закупках. Официальный интернет-ресурс Мажилеса Парламента Республики Казахстан. – URL: <https://www.parlam.kz/ru/mazhilis/news-details/id50719/1/1>
13. Балтабаев К. Оценка статуса и правовая экспертиза устойчивых государственных закупок в Республике Казахстан. Отчет эксперта. – URL:

[https://www.greenpolicyplatform.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazakhstan%20\(in%20Russian\).pdf](https://www.greenpolicyplatform.org/sites/default/files/SPP%20status%20assessment%20in%20Kazakhstan%20(in%20Russian).pdf)

14. Устойчивые закупки могут расширить внедрение «зеленых» технологий в РК // Информационное агентство «Inbusiness.kz». – URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/ustojchivye-zakupki-mogut-rasshirit-vnedrenie-zelenyh-tehnologij-v-rk>

15. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577>

16. Дүйсенов Е.А., Ләмбекова А.Қ. Некоторые вопросы правового регулирования «зеленой экономики» в Республике Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации РК, 2020, № 5(63), с. 76-83.

17. «Жасыл» экономикаға өтудің көкейкесті мәселелері. «International Green Technologies & Investments Center». – URL: <https://igtipc.org/kk/news-res/297-20190614-115351>

18. «Органикалық өнім өндіру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 27 қарашадағы №423-V Заңы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000423>

19. Sustainable Public Procurement: A Global Review // Final Report. – URL: <https://wedocs.unep.org/handle/20.500.11822/8522>

20. Haukeland J.V. Sustainable Tourism Development in a Norwegian National Park Area – Exploring Social Aspects. – Aalesund: Norwegian University of Natural Sciences, 2011, pp. 15-16.

21. Касьянов Р.А., Пучкова А.П. Правовое регулирование государственных закупок в ЕС и ЕАЭС: тенденции к цифровизации // **Цифровое право**, 2022, т. 3, № 2, с. 51-68.

22. Directive 2014/24/EU of the European Parliament and of the council of 26 February 2014 on Public procurement. – URL: <https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/?uri=celex%3A32014L0024>

23. Halonen K.M. Is public procurement fit for reaching sustainability goals? A law and economics approach to green public procurement // Maastricht Journal of European and Comparative Law, 2021, No28(4), pp. 535-555.

24. Sjøfjell B., Wiesbrock A. Why Should Public Procurement Be About Sustainability? // University of Oslo Faculty of Law Research Paper, 2016, No. 17, pp. 1-22.

25. Kingston S. The Uneasy Relationship between EU Environmental and Economic Policies, and the Role of the CJEU // UCD Working Papers in Law, Criminology & Socio-Legal Studies. Research Paper, 2015, No 13/2015, Published 5 November, pp. 1-20. – URL: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=2686526

26. Mélon L. More Than a Nudge? // Arguments and Tools for Mandating Green Public Procurement in the EU. *Sustainability*, 2020, No 12(3). – URL: <https://www.mdpi.com/2071-1050/12/3/988>

27. Behraves Sh., Darnall N., Bretschneider S. A framework for understanding sustainable public purchasing // Journal of Cleaner Production, 2022, vol. 376, pp. 1-15.